ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1265255 сатып алу бойынша
Төмендету бойынша ашық тендер тәсілімен

Лот № 1 (571 У, 4564965) Адресаттар тізімін жасау және олар бойынша материалдар тарату бойынша қызмет көрсетулер

Тапсырыс беруші: "Кселл" акционерлік қоғамы

Ұйымдастырушы: "Кселл" акционерлік қоғамы

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	571 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Адресаттар тізімін жасау және олар бойынша материалдар тарату бойынша қызмет көрсетулер, Хат алушылардың тізімін жасау және олар бойынша материалдарды тарату
Қосымша сипаттама	-
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Алматы қ., г. Алматы
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	Шартқа қол қойылған күннен бастап 365 күнтізбелік күні
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

Глоссарий:

Термин атауы	**Анықтама**
Whatsapp Business API (WABA)	үшінші тарап бағдарламасына адамның тікелей қатысуынсыз WhatsApp-пен өзара әрекеттесуге мүмкіндік бере отырып, клиенттермен байланысты автоматтандыру мүмкіндігін береді.
API	бұл әртүрлі бағдарламалар өзара қарым-қатынас жасайтын және деректермен алмасатын тәсілдер мен ережелер жиынтығы .

Пайдаланушы	Маркетингтік тарату тобындағы Whatsapp пайдаланушысы.
Postpaid	кейін төлеу жүйесі.
MSISDN	Mobile Station International Subscriber Directory Number – абоненттің халықаралық форматтағы телефон нөмірі.
Low-code	Бағдарламашылардың барынша аз қатысуымен интерфейстер, логика және процестер жасалатын әзірлемелік тәсіл.
SOAP/REST API	Жүйелер арасындағы өзара іс-қимыл хаттамалары.
Жүйе	Осы ТЕ аясында Жүйе деп Орындаушы ұсынатын, пайдаланушылармен WhatsApp Business API арқылы коммуникацияны қамтамасыз ететін интерфейсті, серверлік бөлікті, API-ді, интеграцияларды, чат-боттарды және басқа да компоненттерді қамтитын технологиялық шешім түсініледі.
Чат-бот	берілген сценарийлер бойынша пайдаланушылармен диалогты автоматтандыратын бағдарлама.
Науқан	Белгілі бір уақыт кезеңінде пайдаланушыларға хабарлама жіберуге бағытталған маркетингтік белсенділік.
Интерактивті пернелер	Пайдаланушы жауапты немесе әрекетті таңдай алатын интерфейс элементтері.

Жаппай таратпа	Хабарламаларды бір уақытта көптеген алушыға жолдау.
Хабарлама	WhatsApp Business API арқылы жіберілген немесе қабылданған бөлек хабарлама.
Шығыс хабарлама	Тапсырыс беруші бастамашылық жасаған хабарлама
Диалог	WhatsApp тарификация ережелері мен белгіленген кезең аясында пайдаланушымен өзара іс-қимыл жасау.

1. Жалпы талаптар,

1.1. Жүйе платформа тарапынан ешқандай шектеусіз WhatsApp Business API аккаунттарының, WABA-аккаунттарының және MSISDN-нің шексіз санын тіркеуді, қосуды және басқаруды қамтамасыз етуі тиіс. Сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі жұмыс істеп тұрған WABA-аккаунттарды Орындаушының платформасына көшіруді қамтамасыз етуі керек.

1.2. Құқықтарды шектеу мүмкіндігі бар бірыңғай Жеке кабинет арқылы барлық қосылған аккаунттарды орталықтандырылған түрде басқару мүмкіндігі.

1.3. Meta-да компанияны верификациялау және WABA бейінін баптау.

1.4. «Маркетинг» санатындағы үлгілерді (суреттерімен, видеоларымен және интерактивті батырмаларымен) келісу.

1.5. Жүйе Платформа тарапынан ешқандай шектеусіз шексіз сандағы диалогтық және маркетингтік сценарийлерді жасауды, баптауды, редакциялауды, тестілеуді, жариялауды және бір уақытта пайдалануды қамтамасыз етуі тиіс.

Сценарийлерді жасау мен өзгертуді бизнес-пайдаланушылар Орындаушының әзірлеушілерін міндетті түрде тартпай-ақ, Low-code интерфейсі арқылы жүзеге асыруы керек.

1.6. Тапсырыс берушінің AI-ботын қосу мүмкіндігі және диалогтарды басқаруға арналған low-code интерфейсі.

1.7. Интерфейс арқылы науқандарды қолмен іске қосу мүмкіндігі.

1.8. Тапсырыс берушінің AI-ботымен интеграция жасау.

1.9. Айына 200 000 дейін пайдаланушыға таратпа жүргізу.

1.10. Платформаны өрістету, баптау және пайдалануға беру мерзімі, соның ішінде WhatsApp Business API аккаунттарын қосу және баптау, Тапсырыс берушінің ішкі жүйелерімен интеграция жасау, қажетті сценарийлерді баптау және маркетингтік науқандарды іске қосу шартқа қол қойылған және Тапсырыс беруші қажетті бастапқы деректер мен материалдарды ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен аспауы тиіс.

2. Техникалық талаптар.

2.1. Хабарламаларды жіберуге арналған икемді API.

Жүйе үшінші тараптың ақпараттық жүйелеріне әртүрлі форматтағы хабарламаларды жіберу үшін WhatsApp-пен интеграциялануға мүмкіндік беретін ашық әрі құжатталған API ұсынуы керек.

Мысалы:

```
curl -i -X POST \
  "https://graph.facebook.com/v21.0/YOUR_PHONE_NUMBER_ID/messages" \
  -H "Authorization: Bearer YOUR_ACCESS_TOKEN" \
  -H "Content-Type: application/json" \
  --d
{
"Data": {
   "callbacks": {
      "delivery": "http://*****/adtarget/Delivery/registerCampaignDeliveryReport/{campaignID}/5887da6e-acb3-4c4f-b39f-62e80e4a9709/a3529409-75f4-4441-989a-1f1736affa3c/{msisdn}/Number",
        "response":  "http://****/adtarget/response/register/registerInteractiveResponse/{campaignID}/5887da6e-acb3-4c4f-b39f-62e80e4a9709/81bcc0b0-4cd1-45cc-90d6-67d06b5d5e54/{msisdn}/Number?channelName=WhatsApp"
   },
```

"clientPrimaryId": "03ab2a40-e38e-4c27-abb9-7d3864583638",

"campaignId": 38320,

"campaignPriority": 5,

"campaignStartDate": "2026-02-17T00:00:00+05:00",

"campaignEndDate": "2026-02-22T00:00:00+05:00",

"activityId": "fe328066-57e8-42e5-b329-0ab2334c6a6a",

"flowExecutionId": "e5f9448b-d558-4031-949e-7200111f090e",

"content": {

"messaging_product": "whatsapp",

"to": "7700000000",

"type": "template",

"template": {

"name": "promo_offer",

"language": {

"code": "ru"

},

"components": [

{

"type": "body",

"parameters": [

{

"type": "text",

"text": "We have a special offer just for you!"

}

]

```
        },
        {
         "type": "button",
         "sub_type": "quick_reply",
         "index": "0",
         "parameters": [
           {
             "type": "payload",
             "payload": "YES_INTERESTED"
           }
         ]
        }
      ]
    }
  }
 }
}
```


2.2. API арқылы пайдаланушы жауаптары мен жеткізу мәртебелерін беру

Орындаушының жүйесі WhatsApp Business API арқылы жіберілген хабарламалар бойынша пайдаланушы жауаптары мен хабарламалардың жеткізілу мәртебелерін Тапсырыс берушінің инфрақұрылымына беруді қамтамасыз етуге тиіс.

Хабарламаны жіберу кезінде Тапсырыс беруші API-ға хабарламаны өңдеуге қажетті параметрлерді, оның ішінде төмендегілерді алу үшін URL (endpoint) мекенжайларын жеке өрістер арқылы береді:

- пайдаланушы жауаптары (response callback);
- хабарламалардың жеткізілу мәртебелері (delivery callback).

Орындаушының жүйесі тиісті ақпаратты Тапсырыс берушінің инфрақұрылымына беру үшін хабарламаны жіберу параметрлерінде көрсетілген callback мекенжайларын пайдалануға тиіс.

2.3. Абоненттік нөмірді ауыстырып жіберуді болдырмау.

Жүйе абоненттің басқа пайдаланушылардың атынан қызмет алу үшін бөтен телефон нөмірін пайдалану мүмкіндігін болдырмауы тиіс.

2.4**.** Объектілерге қолжетімділікті бақылау.

Жүйеде пайдаланушының өзіне тиесілі емес объектілерге қол жеткізуіне әкелетін IDOR (Insecure Direct Object Reference) типіндегі осалдықтарды пайдалану мүмкіндігінің алдын алатын қолжетімділікті бақылаудың дұрыс механизмін іске асыру қажет.

2.5. Нөмірге иелік етуді растау.

Жүйе әрекетті жасаушы пайдаланушының осы әрекеттер жасалып жатқан телефон нөмірінің иесі екенін растауға мүмкіндік беретін аутентификация механизмін қамтамасыз етуі тиіс.

2.6. API-ді орналастыру.

Тапсырыс берушінің жүйесімен өзара іс-қимыл жасауға арналған барлық сыртқы интеграциялық API-endpoint-тер Тапсырыс берушінің инфрақұрылымындағы Gravity.io платформасында орналастырылуы тиіс. Қосымша Компанияның API шақырулары деңгейінде өткізу қабілетін шектеуді (rate limiting) икемді баптау механизмін және өтініштердің толық тарихын жүргізуді (барлық API шақыруларын логирлеу), соның ішінде күнін, сұраныс параметрлерін, жауапты және авторизация нәтижесін қамтамасыз ету қажет.

2.7. Өтініш жасаған кездегі міндетті авторизация.

Gravity.io платформасында орналасқан API-endpoint-терге жасалған барлық өтініштер авторизациямен бірге жүруі тиіс.

3. Webhook-қа қойылатын талаптар.

3.1 Орындаушы Тапсырыс берушінің webhook-іне мынадай құрылымдағы (атаулары регистрге сезімтал) JSON форматында хабарламалар жіберуді қолдауы қажет:

{

“id”: Хабарлама ID-і (жол)

“subscriber”: {

“identifier”: бізге жазып жатқан клиенттің телефон нөмірі (жол)

}

“userInfo”: {

“userName”: имя пользователя (строка)

}

“messageContent”: {

“type”: тізімдегі хабарлама түрі: “TEXT”, “DOCUMENT”, “AUDIO”, “IMAGE”, “CONTACTS”, “VIDEO”, “LOCATION”

“ Response”: жауаптар: BUTTON/INTERACTIVE”

“attachment”: {

“url”: Файлды жүктеп алуға арналған URL

“name”: тіркеме атауы

}

“location”: {

“longitude”: бойлық (жол)

“latitude”: ендік (жол)

“address”: мекенжай (жол)

}

“text”: абонент хабарламасының мәтіні

}

“receivedAt”: провайдердің хабарламаны алған күні мен уақыты (жол)

}

Тапсырыс берушіде Орындаушының әкімшілік панелінде webhook URL мекенжайына қосымша тұрақты деректерді жазу мүмкіндігі болуы тиіс. Орындаушы ағымдағы құрылымға хабарлама туралы қосымша ақпаратты қоса алады, бірақ жоғарыдағы құрылымда көрсетілген деректер Тапсырыс берушінің сервисіне дәл осы түрде жіберілуі тиіс.

Тапсырыс берушінің webhook-і қолжетімсіз болған жағдайда Орындаушы келісілген қайта жіберу саясатына сәйкес оқиғаны жеткізудің автоматты қайталау әрекеттерін орындауы тиіс.

3.2. Пайдаланушы жауаптарын API арқылы беру

Клиент жүйемен өзара әрекеттескен кезде, оның ішінде батырманы басу, мәтіндік жауап жіберу немесе өзара әрекеттесудің басқа қолжетімді түрлерін пайдалану кезінде, жүйе пайдаланушының өзара әрекеттесуі туралы ақпаратты Тапсырыс беруші көрсеткен response callback мекенжайына беруге тиіс.

Берілетін деректер кемінде мыналарды қамтуға тиіс:

- өзара әрекеттесу көзі және арнасы;
- пайдаланушы жауабының мәтіні/мәні;
- сұрауды өңдеу мәртебесі;
- қате туралы ақпарат және қате коды.

Сұрау үлгісі:

*curl --location 'http://****/adtarget/response/register/registerInteractiveResponse/{campaignID}/{messageID}/{subscriberID}/{msisdn}/Number?channelName=WhatsApp' \--header 'Content-Type: application/json' \--header 'Authorization: ******' \--data '{ "Data": { "Source": "WhatsApp", "Channel": "WhatsApp", "ResponseText": "1" }, "Status": "Success", " ErrorMessage": "Success", "ErrorCode": "Success"}'*

3.3. Хабарламаның жеткізілу мәртебесін API арқылы беру

Жүйе хабарламаның жеткізілу мәртебесі туралы ақпаратты Тапсырыс беруші көрсеткен delivery callback мекенжайына беруді қамтамасыз етуге тиіс.

Берілетін деректер кемінде мыналарды қамтуға тиіс:

- жіберу арнасы;
- хабарламаның жеткізілу мәртебесі;
- мәртебенің алынған күні мен уақыты;
- науқан және хабарлама идентификаторлары;
- қате туралы ақпарат және қате коды.

Сұрау үлгісі:

*curl --location --globoff 'http://****/adtarget/Delivery/registerCampaignDeliveryReport/{campaignID}/{messageID}/{subscriberID}/{msisdn}/Number' \--header 'Content-Type: application/json' \--header 'Authorization: ******' \--data '{ "ChannelName": "WhatsApp", "DeliveryResult": "Delivered", "DeliveryDate": "2024-04-16T11:56:00.000Z", "ErrorMessage": "Success", "ErrorCode": "Success"}'*

Callback-тердің екі түрі бойынша да деректер Орындаушының жүйесі арқылы пайдаланушының өзара әрекеттесу оқиғаларына және хабарламаның жеткізілу мәртебесінің өзгеруіне сәйкес автоматты түрде берілуге тиіс.

3.4. Тапсырыс берушінің инфрақұрылымымен интеграциялау.

Шешім тапсырыс берушінің инфрақұрылымымен үйлесімді болуы, өрістетуді қолдауы немесе өзінің бұлттық сервистерінде орналастырылуы, сондай-ақ жұмыс істеп тұрған жүйелермен (CRM, MMP, биллинг және басқалары) интеграциялануы тиіс.

3.5. Сенімділік және масштабталу.

Жүйе пайдаланушылардың тәулік бойы жұмыс істеуін және іркілістер кезінде жұмыс қабілеттілігін жедел қалпына келтіруді қамтамасыз ететін сенімділікті иеленуі тиіс.

3.6. Орындаушы Платформасының Жеке кабинетіне қолжетімділік ұсыну; ол WhatsApp аккаунттарын тіркеу, шаблондарды баптау, рассылкаларға арналған аудиторияларды басқару, шығыс хабарламаларды баптау және жіберу, тіркелген WhatsApp аккаунттары мен олар арқылы жіберілген хабарламалар бойынша статистика жүргізу мүмкіндіктерін қамтуы тиіс.

Жеке кабинет пайдаланушылардың шексіз санын жасауды, рөлдік қолжетімділік моделін және аккаунттар, науқандар, сценарийлер мен есептер бойынша құқықтарды шектеуді қолдауы керек.

3.7. Хабарламаларды жасауға және диалогтарды өңдеуге арналған Low-code функционалы.

Бизнес-пайдаланушы әзірлеушілерге тәуелділікті азайту мақсатында Low-code визуалды интерфейсі арқылы хабарламаларды, диалогтарды және маркетингтік науқандарды жасау мен баптау мүмкіндігіне ие болуы тиіс.

3.8. Клиенттерден келетін хабарламаларды автоматты түрде өңдеу.

Жүйеде абоненттерден компанияның WhatsApp аккаунтына келіп түсетін хабарламаларды автоматты түрде өңдеу функционалы болуы тиіс. Кіріс хабарламаларды өңдеуді Тапсырыс берушінің AI-боты, оператор немесе Жүйеде белгіленген сценарий бойынша орындауы мүмкін.

3.9. Диалогтар тарихы.

Өзара іс-қимылдың тиімділігін талдау және туындаған мәселелерді шешу үшін бизнес-пайдаланушылардың клиенттермен байланыс тарихының толық журналдарына, соның ішінде барлық хабарламалар мен жауаптардың егжей-тегжейлі мәліметтеріне қолжетімділігі болуы тиіс.

3.10. Автожауаптар.

Жүйенің баптауларына байланысты, абоненттен хабарлама алынған және өңделгеннен кейін сәлемдесу және ақпараттық хабарламаларды (автожауаптарды) жіберу жүзеге асырылуы тиіс, мысалы:

- сәлемдесу хабарламасы;
- клиентті жауапты күтудің болжамды уақыты туралы ақпараттандыру;
- клиентті хабарламаның басқа WhatsApp чатына қайта бағытталғаны туралы ақпараттандыру.

3.11. Чат-ботпен интеграциялау.

Диалог дизайнына интеграциялау кезінде Жүйе кезек үшін бапталған өзінің немесе үшінші тараптың чат-ботын өтініштерді өңдеуге қосуы тиіс. Чат-бот клиенттердің стандартталған сұрақтарына жауап бере алады және қажетті ақпаратты ұсына отырып, сұранысты шеше алады. Егер оператордың көмегі қажет болса, чат-бот өтінішті басқа WhatsApp чатындағы операторға қайта бағыттайды.

3.12. Деректерді сақтау.

Клиенттер туралы барлық деректер мен өзара іс-қимыл тарихы қорғалған дерекқорда кемінде 2 жыл бойы сақталуы тиіс. Дерекқор жылдам сұраныстар мен талдауды қолдауы, сондай-ақ басқа жүйелермен интеграциялану үшін қолжетімді болуы тиіс.

3.13. Операциялар мен сценарийлерді баптау.

Бизнес-пайдаланушы диалог сценарийлеріне байланысты әртүрлі әрекеттерді, соның ішінде басқа жүйелермен өзара іс-қимылды, дерекқорда жазбалар жасауды немесе хабарламалар жіберуді баптай алуы тиіс.

3.14. Хабарламаларды жаппай тарату.

Жүйе хабарламаларды жаппай жолдауды қолдауы тиіс, бұл ретте ол алушыларды баптауда икемділікті қамтамасыз етуі және API немесе интерфейс арқылы тізімдерді басқаруға мүмкіндік беруі керек.

Жүйе интерфейс арқылы Орындаушыны міндетті түрде тартпай-ақ, науқанды тоқтата тұру, қайта бастау және мерзімінен бұрын тоқтату мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

3.15. Мониторинг және есептер.

Жүйе жіберілген хабарламалардың мәртебелерін, соның ішінде жеткізілу мәртебесін, оқылуын және интерактивті элементтерді басуды қадағалауға арналған функционалды ұсынуы тиіс.

3.16. Алушылардың келісімі, жазылымнан бас тарту және қара тізім

3.16.1. Жүйе таратылымдардан бас тартуды («STOP», «СТОП», «Бас тарту» және қазақ пен орыс тілдеріндегі баламаларын, жазылымнан бас тарту батырмасын) автоматты түрде тануы, нөмірді қара тізімге енгізуі және API/webhook арқылы Тапсырыс берушіге жазылымнан бас тарту туралы оқиғаны беруі тиіс.

3.16.2. Жүйе Тапсырыс берушінің қолмен басқарылатын, .csv немесе .xlsx форматында жүктелетін және түсірілетін, сондай-ақ API арқылы Тапсырыс берушінің жүйелерімен синхрондалатын бірыңғай қара тізімін жүргізуі тиіс.

3.16.3. Жүйе Тапсырыс берушіге жазылымнан бас тартулар мен шағымдардың санын, нөмірдің сапа рейтингін және Meta-ның жіберу лимитін көрсетуі тиіс. Орындаушы рейтингтің немесе лимиттің төмендегені туралы Тапсырыс берушіні 2 сағат ішінде хабардар етуге міндетті.

3.16.4. Орындаушы өзінің кінәсінен немесе осы бөлімді орындамау салдарынан туындаған нөмірді шектеулер мен блоктаулар үшін жауапты болады және оларға шағым түсіруге жәрдемдесуге міндетті. Тапсырыс беруші берілген базада келісімнің болуына жауапты болады.

4. Функционалдық талаптар.

4.1. Интерактивті пернелердің кликабельділігі.

Опцияларды таңдауға немесе сілтемелерге өтуге арналған батырмалар сияқты интерактивті батырмалар басылатын болуы және олар басылған кезде жүйенің дұрыс жауап беруін қамтамыз етуі тиіс.

4.2. Хабарламалар мен сценарийлерді жасауға арналған Low-code интерфейсі.

Бизнес-пайдаланушы хабарламаларды, чат-боттарды және басқа да функционалдарды жасау мен баптауға арналған қарапайым визуалды редакторға қол жеткізе алуы тиіс. Бұл редактор интуитивті түсінікті болуы және бағдарламалау бойынша білімді талап етпеуі тиіс.

Жүйе сценарийлердің нұсқалылығын қолдауы, жарияланымға дейін тестілеуді, шимай нұсқаларды сақтауды, жаңа нұсқаны жариялауды және алдыңғы нұсқаға қайта оралу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

4.3. Чат-боттармен интеграциялау.

Жүйе әртүрлі чат-боттармен (соның ішінде үшінші тараптық боттармен) интеграцияны қолдауы, сондай-ақ бизнес-процестерді баптауды жеңілдету үшін оларды жылдам пайдалануға арналған үлгілерді ұсынуы тиіс.

4.4. Хабарлама үлгілері.

Жүйеде мәтінді, суреттерді, батырмаларды және басқа да элементтерді қолдайтын дайын хабарлама үлгілері болуы тиіс. Үлгілер таратылымдардың әртүрлі түрлері үшін оңай бейімделетін болуы тиіс.

4.5. Kcell бизнес-платформаларымен интеграция.

Жұмыс тиімділігін арттыру үшін жүйе әртүрлі бизнес-операцияларды орындау мақсатында Mobile Marketing Platform және биллинг сияқты Kcell-дің түрлі бизнес-платформаларымен интеграциялануы тиіс.

4.6. Бірнеше тілді қолдау.

Бот пен жүйе аудиторияны кеңінен қамтуды қамтамасыз ету үшін бірнеше тілде (қазақ және орыс) жұмыс істеуді қолдауы тиіс.

4.7. AI-ботты баптау.

Тапсырыс берушінің AI-боты білім базасын, сұратуларды өңдеу ережелерін және жауап беру баптауларын өз бетінше басқарады. Орындаушы бұл баптауларды шектемеуі тиіс және Тапсырыс берушінің AI-боты жауаптарының мазмұны үшін жауап бермейді.

4.8. Сұратуларды AI арқылы өңдеу.

Өтініштерді AI арқылы өңдеу (сұратуларды жіктеу, жауаптарды қалыптастыру, білім базасымен жұмыс істеу) Тапсырыс берушінің AI-боты арқылы жүзеге асырылады.

Жүйе диалог контексін (диалог сәйкестендіргіші, пайдаланушы нөмірі, тарихы) сақтай отырып, Тапсырыс берушінің AI-ботымен webhook арқылы интеграцияны қамтамасыз етуі тиіс: оған пайдаланушылардың кіріс хабарламаларын беруі және пайдаланушыларға оның жауаптарын WhatsApp-қа жеткізуі тиіс.

AI-ботпен өзара әрекеттесу асинхронды: Жүйе кіріс хабарламаны вебхук шақыруы арқылы береді (3.1-тармақ), AI-бот жауапты жіберу API-ын жеке шақыру арқылы қайтарады (2.1-тармақ). Вебхук шақыруына HTTP-жауаптың денесінде жауапты беру талап етілмейді және көзделмейді.

Жүйе Тапсырыс берушінің AI-ботының сигналы бойынша немесе Жеке кабинетте белгіленген ережелер бойынша диалогты беру сценарийлерін қолдауы тиіс: AI-боттан операторға немесе сыртқы бизнес-процеске және керісінше.

Хабарламаны AI-ботқа беру және Жүйе тарапынан пайдаланушыға жауапты жеткізу уақыты 5 секундтан аспауы тиіс. Жүйе Тапсырыс берушіге AI-бот қолжетімсіз болған жағдайда қолданылатын әрекетті (аяқтаушы-хабарлама, қайталап көру, операторға беру немесе басқа процесс) баптауға мүмкіндік беруі тиіс. 5 (бес) секундтық норматив Жүйе тарапындағы өңдеуге қатысты болады және екі интервалдың қосындысы ретінде есептеледі: Жүйеден хабарламаны қабылдағаннан бастап AI-боттың вебхукын шақыруға дейін және AI-боттың жауабын қабылдағаннан бастап хабарламаны Жүйеге бергенге дейін. AI-боттың жауапты қалыптастыру уақыты нормативке кірмейді.

Егер жіберу API-ы қабылдаған хабарлама абонентке жеткізілмесе, Жүйе бұрын берілген мазмұнды жеткізуді қайталап көру әрекеттерін орындайды. Бұл жағдайда AI-боттың вебхукын қайталап шақыру болмайды. Егер қайталап жеткізу мүмкін болмаса, соның ішінде WhatsApp-тың сервистік терезесінің шегінен шығып кеткен жағдайда Жүйе мұны есептілікте тіркейді және тиісті мәртебені береді.

Егер AI-боттан жаңа жауап сұрату қажет болса, ол оқиғаның жеке түрі ретінде ресімделеді және бастапқы хабарламаны қайталап жеткізу емес.

AI-боттың қолжетімсіздігі деп 2xx ауқымынан тыс кодпен қайтарылған жауап немесе 3.1-тармақта көзделген барлық қайталап көру әрекеттерінде таймауттың өтіп кетуі есептеледі. Бапталатын әрекет осы әрекеттер таусылғаннан кейін қолданылады.

Диалогты операторға беруді AI-бот жіберу API-ын шақырудағы белгі арқылы бастайды (2.1-тармақ), оның құрамын Тараптар техникалық құжаттамада келіседі. Оператордың жұмысы аяқталғаннан кейін диалогты AI-ботқа қайтару вебхуктың жеке оқиғасымен беріледі (3.1-тармақ).

Жүйе сұратулар мен жауаптардың тарихын 3.12-тармақта белгіленген мерзім ішінде жүктеп алу мүмкіндігімен жүргізеді. Диалогтардың деректерін Орындаушы модельдерді оқыту үшін және қызмет көрсетуден басқа өзге мақсаттарда пайдалана алмайды.

4.9. Emoji-лерді және еркін мәтіндік жауаптарды қолдау.

Жүйе WhatsApp пен Тапсырыс берушінің AI-боты арасында пайдаланушылардың Emoji-лерін және еркін мәтіндік жауаптарын ешқандай шығынсыз және бұрмалаусыз дұрыс қабылдауы, беруі және жеткізуі тиіс.

4.10. Жауапкершілік шекаралары.

Орындаушы хабарламаларды қабылдауға, оларды Тапсырыс берушінің AI-ботына беруге және пайдаланушыларға жауаптарды жеткізуге жауапты болады. Орындаушы Тапсырыс берушінің AI-боты жауаптарының мазмұны мен сапасына және оның қолжетімсіздігіне жауапты емес.

4.11 Ұсынылатын ағындар схемасы

Ағын	Қайдан - қайда	Тәсілі
Жіберу	ММР және AI-бот → Орындаушы	Орындаушының API-ы (2.1)
Күйлер	Орындаушы → ММР	3.3-тегі Endpoint
Науқан батырмасына жауап	Орындаушы → ММР	3.2-дегі Endpoint
Еркін мәтін, медиа	Орындаушы → AI-бот	Webhook (3.1)
Операторға беру	AI-бот немесе Жүйе → оператор	Абонентке сервистік WhatsApp-қа сілтеме беру

5. Есептілікке қойылатын талаптар.

5.1. Оқиғалар журналы

5.1.1. Жіберумен, жеткізумен, хабарламалардың оқылуымен, Пайдаланушылардың интерактивті элементтермен өзара әрекеттесуімен, сондай-ақ диалогтарды жүргізумен және аяқтаумен байланысты барлық оқиғалар Платформаның оқиғалар журналында тіркелуі тиіс.

5.1.2. Оқиғалар журналы Платформада тиісті оқиға тіркелген күннен бастап кемінде 6 (алты) ай бойы сақталуы тиіс және сақтаудың бүкіл мерзімі ішінде Тапсырыс берушіге қарау, іздеу, сүзгілеу және жүктеп алу үшін қолжетімді болуы тиіс.

5.1.3. Әрбір оқиға бойынша журналда хабарламалардың жіберілген, жеткізілген және оқылған күні мен уақыты, хабарламалардың мәртебелері, Пайдаланушылардың интерактивті элементтермен өзара әрекеттесуі, Пайдаланушылардың жауаптары туралы мәліметтер, сондай-ақ қателер болған жағдайда олардың себептері қамтылуы тиіс.

5.2. Таратпа бойынша есеп

5.2.1. Әрбір таратылым аяқталғаннан кейін Платформа таратылым нәтижелері бойынша автоматты түрде есеп қалыптастыруы және Тапсырыс берушіге аталған есепті қарау мен жүктеп алу мүмкіндігін ұсынуы тиіс.

5.2.2. Таратпа бойынша есепте кемінде келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- таратпаның атауы мен сәйкестендіргіші;
- тараптпа жүргізілетін күні мен уақыты;
- Пайдаланушының нөмірі (MSISDN);
- хабарламалардың күйлері: жіберілді, жеткізілді, оқылды, жіберілмеді, жеткізілмеді;
- хабарламалардың жіберілген, жеткізілген және оқылған күні мен уақыты;
- таңдалған интерактивті батырмалар туралы ақпарат және Пайдаланушылар жауаптарының мәтіні;
- сәтсіз жіберу немесе жеткізу кезіндегі қателердің себептері және/немесе кодтары;
- диалогты өңдеу белгісі (AI-бот/оператор/өңдеусіз) және операторға беру фактісі;
- диалогтың және/немесе хабарламаның құны.

5.3. Диалогтарды жүктеп алу

Платформа таңдалған кезеңдегі барлық диалогтар мен есептерді .csv және .xlsx форматтарында қарау, іздеу, сүзгілеу және жүктеп алу мүмкіндігін ұсынуы тиіс. Жүктеп алынған файлда Пайдаланушының нөмірі

(MSISDN), хабарламалардың күні мен уақыты, диалогтың мазмұны, хабарламалардың мәртебелері, Пайдаланушының өзара әрекеттесуі туралы ақпарат және диалог бойынша басқа да қолжетімді деректер қамтылуы тиіс.

5.4. Есептілікті автоматты түрде алу

5.4.1. Платформа Тапсырыс берушінің API және/немесе басқа келісілген интеграция механизмі арқылы таратылымдар мен диалогтардың нәтижелері туралы деректерді автоматты түрде алу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

5.4.2. Берілетін деректерде хабарламалардың жіберілу, жеткізілу және оқылу мәртебелері, Пайдаланушылардың интерактивті элементтермен өзара әрекеттесуі, Пайдаланушылардың жауаптары, қателердің себептері, сондай-ақ қолданылатын тарификация болған жағдайда диалогтардың және/немесе хабарламалардың құны туралы ақпарат қамтылуы тиіс.

5.4.3. Деректерді беру мерзімділігі, форматы, өрістердің құрамы және интеграцияның техникалық параметрлері техникалық құжаттамамен айқындалады және Тараптармен бөлек келісіледі.

6. Қызмет көрсету сапасы.

6.1. Орындаушы өзінің жауапкершілік аймағында есепті кезең (кезең) ішінде Тапсырыс беруші үшін қызметтің кемінде 99,5 % уақыт бойы қолжетімді болуын қамтамасыз етуі тиіс. Орындаушының жауапкершілік аймағы – Платформаның Тапсырыс берушіден ІМ-хабарламаларды қабылдауы, оларды өңдеуі және Сервис провайдеріне беруі.

6.2. Орындаушы қызмет көрсетудегі үзіліске әкеп соққан авариялық жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні мұндай жағдай тіркелген сәттен бастап 20 (жиырма) минут ішінде электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

6.3. Жоспарлы жұмыстар кемінде 10 жұмыс күні бұрын келісілуі тиіс және келісілген кесте сақталған жағдайда ғана қолжетімділікті есептеуде ескерілмейді.

7. Техникалық қолдау

7.1. Қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету үшін Орындаушы техникалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастырады.

7.2. Техникалық қолдау қызметінің жұмыс режимі – аптасына 7 (жеті) күн, тәулігіне 24 (жиырма төрт) сағат, жылына 365 (үш жүз алпыс бес) күн.

7.3. Қызметке техникалық қолдау көрсетуді орындау шеңберінде Орындаушы мынадай жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етеді:

• Қызметтің жұмысқа қабілеттілігі мен көрсетілу сапасына жедел мониторинг жүргізу.

• Платформа жұмысындағы қызмет көрсетудегі үзілістерге әкеп соққан қателерді жою.

• Тапсырыс берушіні Платформадағы жоспарланған техникалық жұмыстар туралы хабардар ету.

• Тапсырыс берушінің өтініштерін қабылдау және тіркеу.

• Қызметтің сапалы көрсетілуін қамтамасыз ету үшін Платформа конфигурациясына өзгерістер енгізу.

• Жекелеген IM-хабарламалардың жеткізілмеу немесе жеткізілуінің кешігу себептерін анықтау және Тапсырыс берушіге ақпарат ұсыну.

• Тапсырыс берушіге қызмет жұмысы бойынша кеңес беру.

7.4. Орындаушының техникалық қолдау қызметімен өзара іс-қимыл жасау үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға мұндай өзара іс-қимылды жүргізуге уәкілеттік берілген өз қызметкерлерінің байланыс деректерін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей Орындаушының электрондық поштасына ұсынады. Орындаушының техникалық қолдау қызметіне өтініштер тек ұсынылған байланыс тұлғаларының тізімінен ғана қабылданады.

7.5. Тапсырыс беруші мұндай өзгерістер туындаған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде байланыс тұлғалары тізімінің өзгергені туралы Орындаушыға хабарлайды.

7.6. Тапсырыс берушінің Орындаушының техникалық қолдау қызметіне барлық өтініштері электрондық пошта арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

7.7. Күрделі жағдайлар туындаған кезде өзара іс-қимыл Орындаушының техникалық қолдау телефоны бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

7.8. Тапсырыс берушінің әрбір өтінішін Орындаушы өтініштерді өңдеу жүйесінде тіркейді, оған санат береді және өтініштің қызмет көрсетуге ықпал ету сипаты мен дәрежесіне сәйкес басымдықты айқындайды.

7.9. Өтініштердің басымдық деңгейлері, оларды тіркеу, жауап беру және шешу мерзімдері, сондай-ақ өңдеу кестесі келесі кестеге сәйкес айқындалады:

Өтініш санаты	**Өтініштің басымдығы**	**Өтінішті тіркеу мерзімі**	**Жауап беру / жұмысты бастау уақыты**	**Уақытша шешімді ұсыну мерзімі**	**Түпкілікті шешімді ұсыну мерзімі**	**Тапсырыс берушіні хабардар ету мерзімділігі**	**Өңдеу кестесі**
Қызмет көрсетудің толық немесе айтарлықта						Авариялық жағдай жойылғанға	

й үзілуіне әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін авариялық жағдай	**Бұғаттаушы (авариялық)**	10 (он) минуттан аспайды	20 (жиырма) минуттан аспайды	1 (бір) сағаттан аспайды	1 (бір) жұмыс күнінен аспайды	дейін 30 (отыз) минутта кемінде бір рет	Тәулігіне 24 (жиырма төрт) сағат, аптасына 7 (жеті) күн
Платформа жұмысындағы қызмет көрсетуге айтарлықтай әсер ететін, бірақ оны көрсетуді толық тоқтатуға әкеп соқпайтын қате немесе бұзылу	**Жоғары**	20 (жиырма) минуттан аспайды	30 (отыз) минуттан аспайды	Техникалық мүмкіндік болған жағдайда.	5 (бес) күнтізбелік күннен аспайды	Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша немесе өтініш мәртебесі айтарлықтай өзгерген жағдайда	Тәулігіне 24 (жиырма төрт) сағат, аптасына 7 (жеті) күн
Платформа конфигурациясына өзгерістер енгізу; Пайдаланушыларға жекелеген IM-хабарламалардың жеткізілмеу немесе кешігіп жеткізілу себептерін анықтау; қызмет көрсетуге	**Орташа**	20 (жиырма) минуттан аспайды	4 (төрт) сағаттан аспайды	Орнатылмайды	14 (он төрт) күнтізбелік күннен аспайды	Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша немесе өтініш мәртебесі айтарлықтай өзгерген жағдайда	Жұмыс күндері сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін

шектеулі әсер ететін өзге де өтініштер							
Қызметтің жұмысы бойынша кеңес беру, ақпараттық сұратулар және қызмет көрсетуге айтарлықтай әсер етпейтін өзге де өтініштер	**Төмен**	20 (жиырма) минуттан аспайды	8 (сегіз) сағаттан аспайды	Орнатылмайды	30 (отыз) күнтізбелік күннен аспайды	Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша	Жұмыс күндері сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін

7.10. Авариялық өтініштер үшін Орындаушы осы құжаттың 7.9-тармағында көрсетілген кестеде белгіленген жауап беру уақыты шегінде өтінішті өңдеуге жауапты маманның тағайындалуын және Авариялық жағдайды жою жөніндегі жұмыстардың басталуын қамтамасыз етеді.

7.11. Егер мұндай өтініштің мазмұны осы техникалық ерекшелікте (тапсырмада) көзделген техникалық қолдау көрсету жөніндегі жұмыстардың көлеміне кірмейтін болса, Орындаушы өтінішті қараудан немесе шешуден дәлелді түрде бас тартуға құқылы.

7.12. Өтінішті шешу уақытын есептеу кезінде Орындаушының тіркелген сәттен бастап өтінішпен нақты жұмыс істеген уақыты ғына ескеріледі.

7.13. Операторлар тарапында өтінішті шешу уақытын Операторлар анықтайды. Оператор мен Сервис провайдері тарапында өтінішті шешу барысы туралы ақпарат Тапсырыс берушіге келіп түсуіне қарай беріледі.

7.14. Өтінішті шешу үшін техникалық қолдау қызметіне өтінішті қалыптастыру кезінде Тапсырыс беруші егжей-тегжейлі ақпаратты ұсынады.

7.15. Егер өтінішпен жұмыс істеу процесінде Орындаушы өтінішті шешу үшін Тапсырыс берушінің қосымша ақпарат ұсынуы қажет деген қорытындыға келсе, Орындаушы сұратады, ал Тапсырыс беруші, егер оны ұсыну Тапсырыс берушінің өзге де міндеттемелерін бұзбайтын болса және онда сұратылған ақпарат бар болса, мұндай ақпаратты ұсынады.

7.16. Апаттық жағдайларды жою бойынша жұмыстарды орындау кезінде Орындаушы Тапсырыс беруші тарапынан іс-қимылдарды талап ететін қателерді жоюдың ұйымдастырушылық және (немесе) техникалық тәсілдері мен айналып өту жолдарын пайдалану бойынша ұсыныстар қалыптастыра алады.

7.17. Орындаушы Тапсырыс берушіге жекелеген Пайдаланушылардың IM-хабарламаларды алуындағы жергілікті қиындықтарға байланысты өтініштерді шешуде жәрдем көрсетеді, бұл ретте аталған қиындықтардың себебі Пайдаланушының, Оператордың немесе Сервис провайдерінің жауапкершілік аймағында анықталады. Тапсырыс берушіге жәрдемдесу Орындаушының, Оператордың және Сервис провайдерінің техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіндіктеріне қарай көрсетіледі.

8. Есеп айырысу тәртібі.

8.1. **Төлем түрі:** ай сайын, қызметті пайдаланған әр ай үшін айлық төлемнің 100% мөлшерінде, кейіннен төлеу, тараптар көрсетілген қызметтер актісіне қол қойған және шот-фактураны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде.

8.2. Орындаушы ай сайын Қызмет көрсету статистикасы туралы есепті және өткізілген трафик бойынша деректерді салыстыруды жүргізу рәсімін ұсынуы тиіс.

9. Орындаушыға қойылатын талаптар

9.1. Орындаушы немесе оның үлестес тұлғалары WhatsApp Business қызметтерін Meta Platforms, Inc. компаниясымен жасалған тікелей шарт негізінде немесе осындай қызметтерді көрсетуге тиісті өкілеттіктері бар Meta компаниясының ресми провайдері/өкілі арқылы ұсынуға тиіс. Орындаушы осындай ынтымақтастықты және тиісті серіктестің ресми мәртебесін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс.

9.2. Орындаушының телекоммуникация саласында WhatsApp Business API-мен жұмыс істеу тәжірибесі және осы салада сәтті іске асырылған кейстері болуы тиіс. Аталған тәжірибе орындалған жұмыстар актілерімен, шарттармен немесе клиенттердің ресми референс-хаттарымен құжатталған түрде расталуы тиіс.

9.3. Орындаушы маркетинг және клиенттермен коммуникация мақсатында WhatsApp-ты енгізу және пайдалану бойынша сәтті іске асырылған жобалардың мысалдары қамтылған портфолио ұсынуы тиіс. Портфолиоға 2021 жылдан бастап іске асырылған кейстерді енгізу ұсынылады. Портфолиода әрбір кейс бойынша келесі ақпарат қамтылуы тиіс:

- Жобаның атауы және қысқаша сипаттамасы.
- Тапсырыс берушінің саласы (егер бұл телекоммуникация саласы болса, көрсетіледі).
- WhatsApp-ты енгізу мақсаты және алға қойылған міндеттер.
- Іске асырылған шешімдердің сипаттамасы (интеграциялар, автоматтандыру, чат-боттарды пайдалану және т.б.).

· Жеткізілген нәтижелер (мысалы, сату көлемінің өсуі, конверсияның артуы, байланыс орталығына жүктеменің төмендеуі және т.б.).

· Іске асыру кезеңі.

· Құжаттамалық растаулар (мүмкіндігінше): пікірлер, актілер, жария кейстерге сілтемелер, контенттің скриншоттары және т.б.

9.4. Орындаушы бизнес-пайдаланушыларға процестерді өз бетінше басқара алуы үшін Low-code интерфейсіне қолжетімділікті ұсынуы тиіс.

9.5. Орындаушы Тапсырыс берушінің ішкі жүйелерімен (мысалы, Mobile Marketing Platform, биллинг) интеграциялану үшін құжаттама мен API ұсынуы тиіс.

9.6. Орындаушының Платформасы хабарламалардың тұрақты жеткізілуін қамтамасыз етуі және масштабтау мүмкіндігімен секундына кемінде 50 хабарлама (орташа) және секундына 150 хабарлама (шың жүктемеде) кепілді өткізу қабілеттілігіне ие болуы тиіс.

9.7. Барлық өтініштер, хат-хабарлар тарихы және құпия ақпаратты қамтитын кез келген басқа деректер ҚР аумағында сақталуы тиіс. (Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңы (11.07.2017 ж. жағдай бойынша өзгерістер мен толықтырулармен)).

9.8. Орындаушы диалогтар деректерін және Тапсырыс берушінің білім базасын модельдерді оқыту үшін және қызмет көрсетуден басқа өзге мақсаттарда пайдалануға құқылы емес.

Қол қойған	Мусин Дастан Жикемуратович
Қол қойылған күні	28.10.2026

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1265255
способом Открытый тендер на понижение

Лот № 1 (571 У, 4564965) Услуги по составлению списков адресатов и рассылке материалов по ним

Заказчик: Акционерное общество "Кселл"

Организатор: Акционерное общество "Кселл"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	571 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по составлению списков адресатов и рассылке материалов по ним, Составление списков адресатов и рассылка материалов по ним
Дополнительная характеристика	-
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, г.Алматы, г. Алматы
Условия поставки	-
Срок поставки	С даты подписания договора в течение 365 календарных дней
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

Услуга на проведение роботизированных рассылок через мессенджер Whatsapp Business с целью продвижения продуктов компании

Глоссарий:

Наименование термина	**Определение**
Whatsapp Business API (WABA)	предоставляет возможность автоматизировать общение с клиентами, позволяя сторонней программе взаимодействовать с WhatsApp без прямого участия человека.

